

## Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 53 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышы (бұдан әрі – сыныптауыш) бекітілсін.

2. Сыныптауыш Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мынадай:

сыныптауыш осы Шешім күшіне енген күннен бастап қолданылады;

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру кезінде сыныптауыштың кодтық белгіленімдерін пайдалану міндетті болып табылады деп белгіленсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2019 жылғы 2 сәуірдегі  
№ 53 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің СЫНЫПТАУЫШЫ

### I. Сыныптауыштан егжей-тегжейлі мәліметтер

Бөлімнің коды	Құжат типінің коды	Құжат түрінің коды	Жеке басты куәландыратын құжаттың атауы	Құжат иесі азаматтығының белгісі
1	2	3	4	5
	Армения Республикасы			
		паспорт		
			Армения Республикасы	

АМ

АМ01	АМ01001	азаматының паспорты	1
	АМ01002	дипломатиялық паспорт	0, 1
	АМ01027	Армения Республикасының арнаулы паспорты	0
	АМ01029	Армения Республикасы азаматының биометриялық деректері бар паспорты	1
АМ02	куәлік		
	АМ02009	Армения Республикасының уақытша жеке куәлігі	1
	АМ02012	Армения Республикасы берген азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі	2
АМ03	куәлік		
	АМ03018	Армения Республикасының туу туралы куәлігі	0, 1, 2
АМ05	карта		
	АМ05014	Армения Республикасының сәйкестендіру картасы	1
	АМ05017	Армения Республикасының аумағында тұрғылықты тұру картасы	0
	АМ05024	Армения Республикасының аумағында уақытша тұру картасы	0
АМ06	сертификат		
	АМ06020	Армения Республикасына қайта оралуға сертификат	0, 1, 2
	АМ06021	Армения Республикасының аумағында пана беру туралы	0

		у а қ ы т ш а сертификат	
	АМ07	әскери билет	
		АМ07016	Армения Республикасының әскери билеті
			1
	АМ99	құжаттардың өзге типтері	
		АМ99025	шетелдік мемлекет берген жол жүру құжаты
			0
		АМ99028	конвенциялық жол жүру құжаты
			0
		АМ99999	Армения Республикасы құжатының өзге түрі
			0, 1, 2
	Беларусь Республикасы		
		паспорт	
	ВУ01	ВУ01001	Беларусь Республикасы азаматының паспорты
			1
		ВУ01002	Беларусь Республикасы азаматының дипломатиялық паспорты
			1
		ВУ01003	Беларусь Республикасы азаматының қызметтік паспорты
			1
	ВУ02	куәлік	
		ВУ02005	Беларусь Республикасы теңізшісінің ұлттық жеке куәлігі
			0, 1, 2
		ВУ02011	босқын куәлігі
			0
	ВУ03	куәлік	
		ВУ03020	Беларусь Республикасына қайта оралуға куәлік
			0, 1, 2
		ВУ03021	Беларусь Республикасында қосымша қорғауды ұсыну туралы куәлік
			0
			Беларусь Республикасында
ВУ			

		ВУ03022	босқын мәртебесін, қосымша қорғау немесе пана беру туралы өтінішхатты тіркеу туралы куәлік	0
	ВУ08	тұруға ықтиярхат		
		ВУ08017	Беларусь Республикасында тұруға ықтиярхат	0
		құжаттардың өзге типтері		
	ВУ99	ВУ99025	Беларусь Республикасының жол жүру құжаты	0
		ВУ99999	Беларусь Республикасы құжатының өзге түрі	0, 1, 2
KZ	Қазақстан Республикасы			
		паспорт		
		KZ01001	Қазақстан Республикасы азаматының паспорты	1
	KZ01	KZ01002	Қазақстан Республикасы азаматының дипломатиялық паспорты	1
		KZ01003	Қазақстан Республикасы азаматының қызметтік паспорты	1
		куәлік		
		KZ02005	Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі	0, 1, 2
	KZ02	KZ02011	босқын куәлігі	0
		KZ02012	азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі	2
		KZ02014	Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі	1
		куәлік		
	KZ03	KZ03018	Қазақстан Республикасының туу туралы куәлігі	0, 1, 2

	KZ03020	қайта оралуға куәлік	0, 1, 2
KZ08	тұруға ықтиярхат		
	KZ08017	Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің тұруға ықтиярхаты	0
KZ99	құжаттардың өзге типтері		
	KZ99026	туу туралы акт жазбасы	0, 1, 2
	KZ99999	Қазақстан Республикасы құжатының өзге түрі	0, 1, 2
Қырғыз Республикасы			
KG01	паспорт		
	KG01002	Қырғыз Республикасы азаматының дипломатиялық паспорты	1
	KG01003	Қырғыз Республикасы азаматының қызметтік паспорты	1
	KG01004	Қырғыз Республикасы азаматының жалпы азаматтық паспорты	1
KG02	куәлік		
	KG02005	Қырғыз Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі	0, 1, 2
	KG02009	Қырғыз Республикасының уақытша жеке куәлігі	1
	KG02011	Қырғыз Республикасының аумағындағы босқын куәлігі	0
	KG02012	Қырғыз Республикасындағы азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі	0
	KG02999	қайрылман куәлігі	0
	куәлік		

KG

KG03	KG03018	Қыргыз Республикасының туу туралы куәлігі	0, 1, 2
	KG03020	Қыргыз Республикасына қайта оралуға куәлік	0, 1, 2
	KG03022	Қыргыз Республикасының босқыны деп тану туралы өтінішхатты тіркеу туралы куәлік	0
KG04	анықтама		
	KG04016	Қыргыз Республикасының әскери бөлімдері мен әскери мекемелері берген анықтама	1
	KG04023	бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтама	1
KG05	карта		
	KG05001	Қыргыз Республикасы азаматының 2004 паспорты (ID-карта)	1
	KG05014	Қыргыз Республикасы азаматының 2017 жылғы үлгідегі сәйкестендіру картасы – паспорты (ID-карта)	1
KG07	әскери билет		
	KG07016	Қыргыз Республикасының әскери билеті	1
KG08	тұруға ықтиярхат		
	KG08017	Қыргыз Республикасының тұруға ықтиярхаты	0
KG99	құжаттардың өзге типтері		
	KG99025	жол жүру құжаты	0
	KG99999	Қыргыз Республикасы	0, 1, 2

		құжатының өзге түрі	
	Ресей Федерациясы		
RU01	паспорт		
	RU01001	Ресей Федерациясы азаматының паспорты	1
	RU01002	Ресей Федерациясы азаматының дипломатиялық паспорты	1
	RU01003	Ресей Федерациясы азаматының қызметтік паспорты	1
RU02	RU01004	Р е с е й Федерациясының аумағынан тыс жерлерде Ресей Федерациясы азаматының жеке б а с ы н куәландыратын Ресей Федерациясы азаматының паспорты	1
	куәлік		
	RU02005	Ресей Федерациясы теңізшісінің жеке куәлігі	0, 1, 2
	RU02009	Ресей Федерациясы азаматының уақытша жеке куәлігі	1
	RU02010	Ресей Федерациясы әскери билетінің орнына берілген уақытша жеке куәлік	1
	RU02011	босқын куәлігі	0
	RU02015	мәжбүрлі қоныс аударушының куәлігі	0
	RU02016	әскери қызметшінің жеке куәлігі (Ресей Федерациясының офицерлері, прапорщиктері мен мичмандары үшін)	1
куәлік			

RU

RU03	RU03018	Р е с е й Федерациясының туу туралы куәлігі	0, 1, 2
	RU03020	Р е с е й Федерациясына қайта оралуға куәлік	0, 1, 2
	RU03021	Р е с е й Федерациясының аумағында уақытша пана беру туралы куәлік	0
	RU03022	Р е с е й Федерациясының аумағында мән-жай бойынша босқын деп тану туралы өтінішхатты қарау туралы куәлік	0
RU04	анықтама		
	RU04023	Р е с е й Федерациясының бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтама	1
RU05	карта		
	RU05024	миграциялық карта	0
RU07	әскери билет		
	RU07016	әскери қызметшінің әскери билеті ( ( сержанттар, старшиналар, солдаттар мен матростар, сондай-ақ әскери кәсіптік білім беру мекемелерінің курсанттары үшін)	1
RU08	тұруға ықтиярхат		
	RU08017	Р е с е й Федерациясының тұруға ықтиярхаты	0
RU99	құжаттардың өзге типтері		
	RU99024	уақытша тұруға рұқсат	0
	RU99025	Р е с е й Федерациясының жол жүру құжаты	0



		RU99999	Ресей Федерациясы құжатының өзге түрі	0, 1, 2	
XX	Үшінші елдердің уәкілетті органдары берген жеке басты куәландыратын құжаттар				
	XX01	паспорт			
		XX01001	шетелдік мемлекет азаматының ұлттық паспорты	0	
		XX01002	КСРО азаматының паспорты	2	
		XX01003	КСРО азаматының шетелдік паспорты	2	
	XX03	куәлік			
		XX03019	шетелдік мемлекеттің уәкілетті органы берген туу туралы куәлік	0	
	XX99	құжаттардың өзге типтері			
		XX99999	шетелдік мемлекет азаматының ұлттық паспортын алмастыратын өзге құжат	0	

## II. Сыныптауыштың паспорты

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаты
1	2	3
1	Коды	2053
2	Типі	2 – сыныптауыш
3	Атауы	жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышы
4	Аббревиатурасы	КВДокУЛ
5	Белгіленімі	ЕК 2053-2019
6	Анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекіту) туралы актінің деректемелері	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 20 жылғы № шешімі
7	Анықтамалық (сыныптауыш) қолданысқа енгізілетін (қолданыла бастайтын) күн	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 20 жылғы № шешімі күшіне енген күннен бастап
8	Анықтамалықтың (сыныптауыштың) қолданылуын тоқтату туралы актінің деректемелері	–

9	Анықтамалықтың (сыныптауыштың) қолданылуы аяқталатын күн	( –
10	Оператор (операторлар)	Еуразиялық экономикалық комиссия
11	Тағайындалуы	сыныптауыш Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді жеке басты куәландыратын құжаттардың түрлері туралы мәліметтерді сыныптауға және кодтауға арналған
12	Аннотация (қолданылу саласы)	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру кезінде, сондай-ақ электронды құжаттарды және электронды түрдегі құжаттарды қалыптастыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету
13	Түйін сөздер	құжат, құжат типі, құжат түрі, жеке басты куәландыратын құжат
14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	барлық салалар
15	Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауды пайдалану	2 – сыныптауыштың халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) аналогтары жоқ
16	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) бар-жоғы	1 – сыныптауыштың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде аналогтары бар; 1 – жеке басты куәландыратын құжаттардың түрлері кодтарының анықтамалығы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 1484 қаулысымен бекітілген Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидаларына № 1 қосымша); 1 – жеке басты куәландыратын немесе шетелдік азаматтың немесе азаматтығы жоқ тұлғаның Ресей Федерациясының аумағында болуға (тұруға) құқығын растайтын құжаттардың түрлері кодтарының анықтамалығы (Ресей Федерациясы Орталық банкінің 2008 жылғы 20 тамыздағы № 321-П ережесіне № 10 қосымша);

		1 – Ресей Федерациясының уәкілетті органдарына салық төлеушілер мен басқа да санаттар, соның ішінде электронды түрде ұсынатын құжаттарды ресімдеу кезінде пайдаланылатын жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің кодталған тізбелері ( анықтамалықтар) (Ресей Федерациясының Федералдық салық қызметі мен Қаржы министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен айқындалған
17	Жүйелеу (сыныптау) әдісі	3 – фасеттік сыныптау әдісі
18	Жүргізу әдістемесі	1 – орталықтандырылған жүргізу рәсімі. Сыныптауыштың мәндерін косуды, өзгертуді немесе алып тастауды Еуразиялық экономикалық одақ органының актісіне сәйкес оператор орындайды. Мән алып тасталған жағдайда сыныптауыштағы жазба алып тасталған күнінен бастап қолданылмайды деп белгіленеді, Еуразиялық экономикалық одақ органының сыныптауыш жазбасының қолданылуының аяқталуын регламенттейтін актісі туралы мәліметтер көрсетіледі. Сыныптауыштың кодтары бірегей болып табылады, сыныптауыштың кодтарын, соның ішінде жарамсыз кодтарын қайтадан пайдалануға жол берілмейді
19	Құрылымы	сыныптауыштың құрылымы туралы ақпарат осы сыныптауыштың IV бөлімінде келтірілген
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	сыныптауыштың мәліметтері ашық қол жеткізуге болатын ақпаратқа жатады
21	Қайта қараудың белгіленген мерзімділігі	сыныптауыштың деректерін қайта қарауды жылына 1 реттен сиретпей жүргізу қажет
22	Өзгерістер	–
23	Анықтамалықтан ( сыныптауыштан) егжей-тегжейлі мәліметтерге сілтеме	сыныптауыштан егжей-тегжейлі мәліметтер осы сыныптауыштың I бөлімінде келтірілген

#### IV. Сыныптауыштың құрылымын сипаттау

1. Осы бөлімде сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы, соның ішінде деректемелер мәндерінің салалары мен оларды қалыптастыру қағидалары айқындалады.

2. Сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы кестеде келтірілген, онда мынадай жолдар (графалар) қалыптастырылады:

"деректеменің атауы" – элементтің реттік нөмірі және қалыптасқан немесе ресми сөздік белгіленімі;

"деректеме мәнінің саласы" – элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректеме мәнін қалыптастыру" – элементтің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе элементтің ықтимал мәндерінің сөзбен сипатталуы;

"көпт." – деректеменің көптігі (міндеттілік (опциялылық) және деректемелердің ықтимал қайталану саны).

3. Берілетін деректер деректемелерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n – деректеме міндетті, n рет ( $n > 1$ ) қайталануы тиіс;

1..\* – деректеме міндетті, шексіз қайталануы мүмкін;

n..\* – деректеме міндетті, кемінде n рет ( $n > 1$ ) қайталануы тиіс;

n..m – деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануы және m реттен артық қайталанбауы ( $n > 1, m > n$ ) тиіс;

0.1 – деректеме опциялы, қайталауға жол берілмейді;

0..\* – деректеме опциялы, шексіз қайталануы мүмкін;

0..m – деректеме опциялы, m реттен артық ( $m > 1$ ) қайталанбауы тиіс.

Кесте

#### Сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы

Деректеменің атауы	Деректеме мәнінің саласы	Деректеме мәнін қалыптастыру	Көптік
1. Жеке басты куәландыратын құжаттардың түрлері сыныптауышының мәліметтері	салынған деректемелер мәндерінің саласымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*

1.1. Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышы бөлімінің коды	калыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: [A-Z]{2}	ISO 3166-1 стандартына с ә й к е с қалыптастырылады (альфа-2 коды)	1
1.2. Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышы бөлімінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 1000	ISO 3166-1 стандартына сәйкес орыс тіліндегі сөз тіркесі түрінде қалыптастырылады ISO 3166-1	1
1.3. Жеке басты куәландыратын құжаттың типі туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*
1.3.1. Жеке басты куәландыратын құжат типінің коды	–	сыныптауыш бөлімі кодының конкатенациясы негізінде кодтаудың қатарлас әдісін және "Құжат типі" фасеті үшін белгіленген кодты пайдалану арқылы қалыптастырылады	1
1.3.2. Жеке басты куәландыратын құжат типінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 4000	орыс тіліндегі сөз тіркесі т ү р і н д е қалыптастырылады	1
1.3.3. Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*
1.3.3.1. Жеке басты куәландыратын құжат түрінің коды	калыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: [A-Z]{2}[0-9]{5}	сыныптауыш бөлімі кодының конкатенациясы негізінде кодтаудың қатарлас әдісін және "Құжат түрі" фасеті үшін белгіленген кодты пайдалану арқылы қалыптастырылады	1
1.3.3.2. Жеке басты куәландыратын құжат түрінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 4000	орыс тіліндегі сөз тіркесі т ү р і н д е қалыптастырылады	1
1.3.3.3. Құжат иесі азаматтығының белгісі	калыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{1}	азаматтық белгісінің тізбесіне сәйкес қалыптастырылады	0..*
1.3.3.4. Анықтамалық (сыныптауыш) жазбасы туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1
*.1. Қолданысы басталатын күн	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде	1

	форматында күнді белгілеу	көрсетілген қолданысы басталатын күнге сәйкес келеді	
*.2. Анықтамалық (сыныптауыш) жазбасы қолданысының басталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1
*.2.1. Актінің түрі	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес актіні кодпен белгілеу	1
*.2.2. Актінің нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
*.2.3. Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актіні қабылдаған күніне сәйкес келеді	1
*.3. Қолданысы аяқталатын күн	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолданысы аяқталатын күнге сәйкес келеді	0..1
*.4. Анықтамалық (сыныптауыш) жазбасы қолданысының аяқталатын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	0..1
*.4.1. Актінің түрі	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес актіні кодпен белгілеу	1
*.4.2. Актінің нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
*.4.3. Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актіні қабылдаған күніне сәйкес келеді	1

Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің

## Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышы үшін сыныптау және кодтау әдістерін қолдану ТӘРТІБІ

### I. Жалпы ережелер

1. Осы құжат сыныптау мен кодтау әдістерін қолдану ерекшелігінің сипаты мен анықтамасын нақтылау мақсатында әзірленді және жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышын әзірлеу мен жүргізу кезінде қолданылады.

2. Құжат Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленген:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының **"Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасын бекіту туралы"** 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 121 шешімі.

3. Осы құжаттың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"сыныптауыш" – сыныптау топтамаларының және/немесе сыныптау объектілерінің атаулары мен кодтарының жүйеленген жиынтығын білдіретін ресми құжат;

"жеке басты куәландыратын құжат түрлерінің ұлттық тізбесі, ұлттық тізбе" – жеке басты куәландыратын құжат түрлерінің Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) тұлғалардың әрқилы санаттарын сәйкестендіру және мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған жағдайларда олардың мәртебесін растау мақсаттарында пайдаланылатын құжаттар түрлерінің тізбелерін айқындайтын заңнамасын талдау нәтижелері бойынша қалыптастырылған неғұрлым толық тізбесі. Көрсетілген тізбеде жеке басты куәландыратын құжат түрлерінің атаулары олардың мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген атауларына сәйкес келтіріледі;

"жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің үндестірілген жалпы тізбесі, жалпы тізбе" – жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің мүше мемлекеттердің жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің ұлттық тізбелерін талдау нәтижелері бойынша қалыптастырылған үндестірілген тізбесі. Көрсетілген тізбеде жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің атаулары біріздендірілген.

Осы құжатта пайдаланылатын өзге ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және Одақ органдарының Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін қалыптастыру және дамыту мәселелері жөніндегі актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

## **II. Сыныптау әдісінің сипаты**

4. Жеке басты куәландыратын құжаттардың түрлерін сыныптау мақсаттары үшін фасеттік әдіс пайдаланылады.

5. Сыныптау мынадай тәуелсіз сыныптау топтамаларын қолдану негізінде жүзеге асырылады:

бірінші фасет – "Өңірлік белгі (мүше мемлекеттің коды)";

екінші фасет – "Құжат типі";

үшінші фасет – "Құжат түрі".

6. "Өңірлік белгі (мүше мемлекеттің коды)" фасеті заңнамасында тиісті ұлттық тізбеге қосылған жеке басты куәландыратын құжат түрі белгіленген мүше мемлекетті айқындайды.

7. "Құжат типі" фасеті тиісті ұлттық тізбеге қосылған жеке басты куәландыратын құжаттың типін айқындайды.

8. "Құжат түрі" фасеті жалпы тізбе негізінде қалыптастырылған және мынадай белгілер жиынын қамтиды:

а) паспорт;

б) куәлік;

в) куәлік;

г) анықтама;

д) карта;

е) сертификат;

ж) әскери билет;

з) тұруға ықтиярхат;

и) құжаттардың өзге типтері.

"Құжаттардың өзге типтері" белгісі жалпы тізбенің "а" - "з" тармақшаларында айқындалған белгілерге жатпайтын позицияларын қамтиды, мысалы, жал жүру құжаты, акт жазбасы және т.б.

9. "Құжат түрі" фасеті тиісті ұлттық тізбеге енгізілген жеке басты куәландыратын құжат түрін айқындайды және жалпы тізбеге сәйкес келетін белгілер жиынын қамтиды.

10. Тиісті ұлттық тізбеге енгізілген жеке басты куәландыратын құжаттың әрбір түрі үшін қосымша "Азаматтық белгісі" мәні белгіленеді.

## **III. Кодтау әдісінің сипаты**

11. Сыныптау объектілерін кодтау үшін қатарлас әдіс пайдаланылады.

12. Сыныптау объектілерінің коды 7 разрядтан тұрады, мұнда:

алғашқы екі разряд ISO 3166-1 стандартына сәйкес Одаққа мүше мемлекеттің екі әріпті кодын қамтиды;



үшінші және төртінші разрядтар 1-кестеге сәйкес құжат типінің екі мәнді цифрлық кодын қамтиды;

1-кесте

### Құжаттар типтерінің тізбесі

Құжат типінің атауы	Құжат типінің коды
паспорт	01
куәлік	02
куәлік	03
анықтама	04
карта	05
сертификат	06
әскери билет	07
тұруға ықтиярхат	08
құжаттардың өзге типтері	99

бесінші, алтыншы және жетінші разрядтар 2-кестеде келтірілген жалпы тізбеге сәйкес жеке басты куәландыратын құжат түрінің кодын қамтиды;

2-кесте

### Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің жалпы тізбесі

Құжат түрі	Құжат түрінің коды
азамат паспорты	001
дипломатиялық паспорт	002
қызметтік паспорт	003
шетелдік паспорт	004
теңізшінің жеке куәлігі (теңізші паспорты)	005
КСРО азаматының паспорты	006
шетелдік азаматтың паспорты	007
бұрынғы КСРО-ның шетелдік паспорты	008
уақытша жеке куәлік	009
әскери билеттік орнына берілген уақытша жеке куәлік	010
босқын куәлігі	011
азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі	012
жүргізуші куәлігі	013
азаматтың жеке куәлігі немесе сәйкестендіру картасы	014
мәжбүрлі қоныс аударушының куәлігі	015
әскери қызметшінің жеке куәлігі немесе әскери билет, немесе әскери бөлімдер берген анықтама	016
тұруға ықтиярхат немесе тұрғылықты тұру картасы	017

туу туралы куәлік	018
шетелдік мемлекеттің уәкілетті органы берген туу туралы куәлік	019
қайта оралуға куәлік немесе қайта оралуға сертификат	020
уақытша пана беру туралы куәлік, немесе пана іздеп жүрген тұлғаның куәлігі, немесе қосымша қорғау ұсыну туралы куәлік, немесе пана беру туралы уақытша сертификат	021
босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу (қарау) туралы куәлік	022
бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтама	023
уақытша тұру картасы, немесе уақытша тұруға рұқсат, немесе миграциялық карта	024
жол жүру құжаты	025
туу туралы акт жазбасы	026
арнаулы паспорт	027
конвенциялық жол жүру құжаты	028
Армения Республикасы азаматының биометриялық деректері бар паспорты	029
құжаттың өзге түрі	999

13. Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышына енгізілген жеке басты куәландыратын құжаттың әрбір түрі үшін қосымша "Азаматтық белгісі" мәні белгіленеді. "Азаматтық белгісінің" коды 3-кестеде келтірілген тізбеге сәйкес қалыптастырылады.

3-кесте.

### Белгілер тізбесі

Азаматтық белгісі	Белгі коды
үшінші ел азаматының құжатын иеленуші	0
Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет азаматының құжатын иеленуші	1
құжатты иеленушінің азаматтығы жоқ	2

14. Ұлттық тізбеге енгізілген сыныптау объектісін кодтау жөніндегі операцияларды орындау кезінде:

- 1) қосылатын сыныптау объектісінің өңірлік топқа тиесілілігін белгілеу;
- 2) сыныптау объектісінің 1-кестеде айқындалған құжаттар типтерінің біріне тиесілілігін белгілеу;
- 3) 2-кестеге сәйкес жеке басты куәландыратын құжат түрін белгілеу;
- 4) 1 – 3-қадамдарда белгіленген сәйкестіктерді ескере отырып, сыныптау объектісін қатарлас әдіспен кодтауды жүргізу;

5) мүше мемлекет заңнамасының нормаларын ескере отырып, жеке басты куәландыратын құжаттың жаңа түрі үшін 3-кестеге сәйкес азаматтық белгісі кодының мәнін белгілеу қажет.

15. Ұлттық тізбеге енгізілген сыныптау объектісін кодтау жөніндегі операцияларды орындау үлгісі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

#### Сыныптау объектісін кодтау жөніндегі операцияларды орындау үлгісі

Сыныптау объектісінің атауы	1-фасет	2-фасет	3-фасет	Сыныптау объектісінің коды	Азаматтық белгісінің коды
Армения Республикасының уақытша жеке куәлігі	Армения Республикасы (AM)	куәлік (код 02)	уақытша жеке куәлік (код 009)	AM02009	1
Беларусь Республикасында қосымша қорғау туралы куәлік	Беларусь Республикасы (BY)	куәлік (код 03)	уақытша пана беру туралы куәлік, немесе пана іздеп жүрген тұлғаның куәлігі, немесе қосымша қорғау ұсыну туралы куәлік, немесе пана беру туралы уақытша сертификат (код 021)	BY03021	0
Қазақстан Республикасы азаматының паспорты	Қазақстан Республикасы (KZ)	паспорт (код 01)	азамат паспорты (код 001)	KZ01001	1
Қырғыз Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі	Қырғыз Республикасы (KG)	куәлік(код 02)	теңізші паспорты немесе теңізшінің ұлттық жеке куәлігі (код 005)	KG02005	0,1,2
Уақытша тұруға рұқсат	Ресей Федерациясы (RU)	құжаттың өзге типі (код 99)	уақытша тұру картасы, немесе уақытша тұруға рұқсат, немесе миграциялық карта (код 024)	RU99024	0

#### IV. Сыныптауышқа өзгерістер енгізу тәртібінің сипаты

16. Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышына мына жағдайларда:

Одақ құрамына жаңа мүше мемлекет кірген кезде;

жекелеген мүше мемлекеттердің жеке басты куәландыратын, тұлғалардың әрқилы санаттарын сәйкестендіру және мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған жағдайларда олардың мәртебесін растау мақсаттарында пайдаланылатын құжаттар түрлерінің тізбесін айқындайтын заңнамалары өзгерген кезде (бұдан әрі – жекелеген мүше мемлекеттер заңнамасының өзгеруі) өзгерістер енгізу қамтамасыз етіледі.

17. Жекелеген мүше мемлекеттердің заңнамасы өзгерген кезде мүше мемлекеттің Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті органы өзгерістер бекітілген күннен кейін жиырма жұмыс күні ішінде Комиссияны өзгерістер туралы, сондай-ақ олардың күшіне енетін күні туралы хабардар етіп, өзгерістер енгізуге негіз болған нормативтік-құқықтық құжаттардың деректемелерін көрсетеді.

Комиссия ұсынылған мәліметтерді және мүше мемлекет заңнамасының өзгерістерін талдау негізінде осы Тәртіптің 18 – 23-тармақтарына сәйкес жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышына тиісті өзгерістер енгізеді.

18. Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышына өзгерістер енгізген кезде мүше мемлекет заңнамасын (заңнамасының өзгерістерін) талдауды ескере отырып, ұлттық тізбені қалыптастыру (қажетті өзгерістер енгізу) қажет.

19. Қажет болса, құжаттардың атауларын, олардың түрлер бойынша топтастырылуын тұлғалардың санаттары мен мәртебесін және құжаттың тағайындалуын ескере отырып біріздендіру талаптары бойынша жалпы тізбеге, сондай-ақ қосымша белгілерді қоса отырып, құжаттар типтерінің тізбесіне өзгерістер енгізіледі.

20. Жалпы тізбеге және құжаттар типтерінің тізбесіне өзгерістер енгізілген кезде жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышына енгізілген позициялардың бұрын белгіленген кодтарының өзгермеуі қамтамасыз етілуге тиіс.

21. Ұлттық тізбе қалыптастырылғаннан (өзгертілгеннен) және жалпы тізбе мен құжаттар типтерінің тізбесі өзгертілгеннен кейін ұлттық тізбеге жаңадан енгізілген сыныптау объектілерін осы құжаттың 14-тармағында айқындалған тәртіпке сәйкес кодтау жөніндегі операцияларды жүргізу қажет.

22. Жекелеген мүше мемлекеттер үшін жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышынан жекелеген позицияларды алып тастауды жалпы тізбе мен құжаттар типтерінің тізбесіне өзгерістер енгізбей-ақ орындауға болады.

23. Жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышындағы жекелеген позициялардың атауларын нақтылауды позиция кодының және жалпы тізбе мен құжаттардың жекелеген типтері тізбесінің арасында белгіленген сәйкестікті сақтау шартымен орындауға болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК